

БАУЫРЛАСТЫҚ

I ТАРАУ

БАУЫРЛАСТЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1. МОНАХ ӨМІРІ

1. Менің шәкіртім болғысы келген адам өзінің үйін, өз қоғамын, өз дүние-мүлкін, байлығын қалдыруы тиіс. Менің ілімім үшін осының барлығын тастаған адам менің мұрагерім. Оны монах деп атайды.

Егер де адам менің етегімнен ұстап, соңыннан ергенімен де, ізімен жүрсе де, бірақ оның жаны сараңдықтан бытырап жатса, онда ол Менен алыс. Ол монах секілді киінгенімен ол Менің ілімімді көрмейді. Менің ілімімді көрмеген адам, Мені де көрмейді.

Егер де адам Менен жүздеген мың шақырым қашықтықта болғанымен де, егер оның жаны әділ және сабырлы болып, сараңдықтан еркін болса, онда ол Менің жанымда болады. Өйткені ол Менің ілімімді көріп тұрады. Менің оқуымды көрсе, ол Мені де көргені.

2. Менің шәкірттерім - монахтар өз өмірінде келесі төрт шартты орындауы керек.

Біріншіден, олар өз киімдерін ескі маталардан тігуі керек. Екіншіден, монах қайыр-садақамен тамақтануы керек. Үшіншіден, ол ағаштың астында немесе тастың үстінде күнелтуі керек. Төртіншіден, бауырларының зәрінен жасалған дәріні ғана қабылдауы керек.

Ыдыс алып, бір есіктен екінші есікке барып садақа сұрау - ол қайыршылану, бірақ ол қысым немесе алдау-арбау арқылы жасалмаған қайыршылану. Бұл осы дүниедегі барлық азаптан арылуды және адасулардан құтылу жолын табуды үйретеді деп сенген адамның қайыршылануы.

Егер де адам монахтың өмірінде қабылдап, бірақ сараңдықтан, ашу ызалықтан арыла алмай мазасызданса және өзінің бес сезім органдарына алып келетін жолды қорғай алмаса, онда ол монах болуға лайықты емес.

3. Өзінің монах екендігіне сенген және адамдардың сауалына мен монахпын деп жауап берген адам, өзі туралы сенімді түрде төменгілерді айта алады:

“Мен монахтың сақтайтындарын міндетті түрде сақтаймын. Монахтың адалдығымен маған садақа бергендердің барлығына үлкен бақыт тілеймін және менің монахтың өмірді қабылдағандағы мақсатыма жетуді тілеймін.”

Сонымен, монах не істеуі керек? Ол өзінің қателіктері мен абыройсыздығынан ұялуы қажет, тәнінің, тілінің және жан тазалығын сақтау керек, өз өмірін тазалауы керек, өзінің бес сезім органдарына деген жолды қатаң түрде қорғауы керек және рақаттануға берілмеуі керек. Ол өзін мақтауына және басқаларды жамандауына болмайды, ол жалқауланып, көп ұйықтамауы керек.

Кешкі мезгілде ол медитацияға шомып, тыныш отыруы керек және ұйқы алдында кішкене ғана серуендеп қайтуы керек. Түнде оң жамбасына жатып, аяқты бірге қойып, ертеңгі күн туралы ойлана, жайлап ұйқыға кету керек. Таң атқанда медитацияға шомып, ол тыныш отыруы керек және аздап қана серуендеп қайтуы керек.

Күнделікті өмірде монах жаны әр уақытта әділ болуы керек. Тыныш жерді таңдап алып, денесін және жанын түзетіп отыруы керек, ол көксеуден, ашудан, ақылсыздықтан, ұйқыдан, жан қобалжуы-

нан, өкінішінен және күдіктенуінен арылуы керек, өз жанын тазалау керек.

Міне сондықтан, жанды жинақтап, ақыл алуы керек, тұрмыстық құмарлықтардан босанып, нұрлануға ұмтылу керек.

4. Егер адам монах өмірін қабылдап, көксеуден және ашудан арылмаса, және өкпе, қызғаныш, масайрау және алдау секілді кемшіліктерді жасыруды жалғастырса, онда ол екі жүзді семсерді киімге орағанға ұқсайды.

Ол монах киімінде болғанымен де, монах емес. Ол қайыршыланса да, монах емес. Ол дұға оқығанымен де, монах емес. Ол тек сыртқы көрінісі бойынша ғана монах.

Монахтың сыртқы кейпін ғана қабылдап, тұрмыстық құмарлықтардан арылу мүмкін емес. Сәбиге монахтың киімін кигізіп, оны монах болды деп айту мүмкін емес.

Өз Жанын дұрыс жинақтай білген, ақылын нұрландырған, тұрмыстық құмарлықтардан арыла алған, және нұрлану жолымен алға жүре алатын адам ғана, тек қана осындай адам шын мәнісінде монах болып атала алады.

Егер адам қаны кепсе де және сүйегі ұсақталса да керек нәрсенің барлығын жасауға шешім қабылдаса, егер осы үшін өзін аямаған жағдайда ол сөзсіз монах өмірін қабылдаған мақсатына жетеді және таза істерді жасайды.

5. Монах Будда ілімін таратуға, уағыздауға міндетті. Ол барлық адамдарды оқытып, ұйқыдағыларды оятып, жаны бұзылған адамдардың жанын түзетіп, өзін аямай кең түрде, ауқымды уағыздау керек.

Бірақ, уағыздау оңай емес, уағыздағысы келгендер Будда киімін кию керек. Оның орнына отырып, оның бөлмесіне кіруі керек.

Будда киімін кию дегеніміз - жұмсақ және шыдамды болу. Будда орнына отыру дегеніміз - барлық заттар субстанциясыз екенін түсіну, құштарлықтардың болмауы. Будда бөлмесіне кіру дегеніміз - барлық адамдарға үлкен қайырымдылықпен және аяушылықпен қарау.

6. Бұл оқуды уағыздағысы келгендер, төменгі төрт нәрсеге ерекше көңіл болуі керек: өз денесіне, өз сөзіне, өзінің арман-тілегіне және үлкен аяушылыққа.

Біріншіден, уағыздаушы үлкен шыдамдылық жерінде өмір сүруі керек, жұмсақ болып, дәрекіліктен аулақ жүруі керек, ешқандай затта субстанция жоқ екендігін түсініп, жаман нәрсе туралы ойламауы керек, байланушылықтары болмауы керек.

Екіншіден, оған жақындаған адамдардың барлығына көңіл аударуы керек, билеуші, дәулеттілермен жақындасудан, теріс, бұзылған тұрмыс құрушылардан тартынуы керек және ол әйел жынысындағыларға жоламауы керек. Тыныш жерде өзінің жанын жетілдіруі керек, дүниеде барлығы себептілік заңдылығы бойынша өрбитінін түсінуі керек және басқаларды келекелеуге, менсінбеуге, олардың қателіктері туралы айтуына болмайды.

Үшіншіден, өз жанын сабырлылықта ұстап, Буддаға жақсы көретін әкесіндей дұрыс жолмен келе жатқан ұстазы ретінде қарауы керек.

Бауырластық міндеттері

Барлығына ол үлкен аяушылықпен қарау керек, барлығына бірдей қарап уағыздауы керек.

Төртіншіден, ол Будда секілді, әр уақытта мейірімді болып, қайғыға ортақтасуы керек, Будда ілімін білмейтін адамдардың оны естуін тілеуі керек және осы тілектің орындалуы үшін барлық жағдайды жасауы керек.

2. СЕНУШІНІҢ ЖОЛЫ

1. Жоғарыда айтылғандай, буддизмге сенген үш қазынаға Буддаға, Оның іліміне және оның қауымына сенеді.

Сондықтан буддизмге сенуші, табандылықпен Буддаға, Оның іліміне және оның қауымына сенуі керек, дінге сенушінің өсиетін ілімнің үйрететініндей сақтауы керек.

Қатардағы ізбасарларының өсиеттері мыналардан тұрады: тірі жандардың өмірін қимау, ұрлық жасамау ойнастық жасамау, өтірік айтпау және шарап ішпеу.

Үш қазынаға бекем сенген және осы үш өсиетті қатаң орындаған қарапайым ізбасар басқа адамдарды осы үш қазынаға сеніп, осы өсиеттерді орындауға көзін жеткізу керек. Ол осы дінге сенушілердің санын туысқандары, достары және таныстары арасында көбейтуге тырысуы керек. Сонда оларда Будданың мейірімділігімен, аяшылығын пайдалана алады.

Қарапайым ізбасар әрқашан осы үш қазынаға сенуі, өсиеттерді орындауы нұрлануға жету мақсатында екендігін есте сақтауы керек және сондықтан қарапайым адамның арман-тілек дүниесінде өмір сүре отырып, осы тілеулерден арылуға тырысуы керек.

Ерте ме, кеш пе оған ата-анасымен қоштасуға тура келеді. Жан ұясымен де қоштасуға тура келеді. Қоштасатындарға, тастап кететін нәрселерге үйренуге болмайды, қоштасу, айырылысуы жоқ нирвана жөнінде армандау керек.

2. Егер ізбасар Будданың ілімін ұғып және өз дініне сенімді болса, онда ол өз бойында өзінен өзі қуаныштың пайда болғанын сезеді. Егер ол осы жағдайға қолы жетсе, онда ол барлығынан сәуле, нұр, барлығынан қуанышты көреді.

Оның жаны таза және жұмсақ болады. Ол шыдамды және ынтымақтылықты жақтаушы болып, басқа адамдарды мазалауды қояды. Будда, Оның ілімі және қауым туралы ойлағандықтан оның өн бойында өзінен-өзі қуаныш сезімі пайда болады да, ол барлығынан жарықты, нұрды көреді.

Сенімнің арқасында ол Буддамен бірігіп кетеді. Ол өзі туралы ойламайды және ештеңені тілемейді. Сондықтан ол бұл өмірде ештеңеден, ешнәрседен қорықпайды, жала жабудан да қорықпайды.

Ол Будда дүниесінде өмірге келетініне сенеді, өлімнен қорықпайды, Ол ілімнің ақиқаттығына және бағалығына сенеді, сондықтан ол адамдар алдында өз сенімі, діні туралы батыл түрде айта алады.

Ол барлығына мейірімді және қайғысына ортақ болуға тырысады, сондықтан ол адамдармен бірдей қарым-қатынаста болады. Оның жаны әділ, адал және таза болады, сондықтан ол шын көңілімен жақсылық жасайды.

Сәтті және қиын кездерінде ол дінінде, сенімінде бекемдене түседі, өз кемшіліктерінен ұялады, ілімді сыйлайды, істеген ісіне қарай сөйлеп, сөйлегеніне

қарап іс жасайды оның ісі мен сөзі арасында алшақтық болмайды, ол өз айналасына, заттарға парасатты ақылы бар көзбен қарайды, оның жаны тау секілді табанды, берік болады, ол нұрлану жолымен алға жылжуды көздейді.

Әр түрлі жағдайларда Будданың жанының жетекшілігімен адамдарды алып жүреді. Күнгірттенген бұл дүниеде, арам адамдармен қарым-қатынаста бола тұра, ол оларды жақсылық жағына тартуға тырысады.

3. Сондықтан ең алдымен әркім өзі Будда ілімін ұғынуға, сезінуге ұмтылуы керек.

Егер де біреу лаулаған отқа кірсең, осы ілімді аласың десе, онда ол осы отқа кіруге дайын болуы керек.

Себебі, осы бүкіл дүниені қармаған отқа кірсе, ол Будда есімін естиді және өзінің құтқарылуын табады.

Осымен, ілімді қабылдап, барлығына садақа тарату керек, сыйлайтындарды сыйлау керек, қызмет ететіндерге қызмет ету керек, басқаларға терең мейірімділікке, аяушылыққа толған жанмен қарау керек. Өзімшілдік әрекеттер және қыңырлық, еркелік нұрлануға жеткісі келген адамға тән қасиет емес.

Ілімді тыңдай, ұға отырып, ілімге сену керек, басқаларды қызғанбау керек, біреулердің сөзінен адасуға түспеу керек, ең бастысы, өз іс-әрекетінді терең талдап, басқалардың іс-әрекеті, қылығы туралы ойламау керек.

Ең алдымен өз жаныңды жетілдіру керек. Буддаға сенбеген адам, тек қана өзін ғана ойлайды. Сондықтан оның жаны кішкентай және ол әрдайым әбігерленеді, беймазданады. Ал Буддаға сенген, артында тұрған күшке сенеді, өз артындағы жоғарғы үлкен аяушылыққа сенеді. Сондықтан оның жаны кең және үлкен, ол әр уақытта сабырлы.

4. Будда іліміне құлақ салған адам өз денесінің өткінші екендігін, онда қайғы-қасіреттің жинақталғанын және оның азаппен жамандықтың бұлағы екендігін біледі. Сондықтан онда өз денесіне деген үйірлігі болмайды.

Бірақ ол өз денесіне ұқыптылықпен қарауды ұмытпайды. Ал бұны ол ләззат алу үшін жасамайды, ақыл-еске ие болу үшін және ілімді басқаларға тарату үшін жасайды.

Егер де өз денеңе ұқыптылықпен қарамасаң, ұзақ өмір сүру мүмкін емес. Ал егер адам ұзақ өмір сүрмесе ол бұл ілімді оқып үйрене, түсіне алмайды да және оны басқаларға уағыздай да алмайды.

Өзеннен жүзіп өткісі келген, қайығын бағалайды. Саяхатқа шыққан, атын бағалайды. Сол сияқты Будда іліміне құлақ салған адамда өз денесін бағалай білуі керек.

Буддаға сенген адам, сұлу болып көріну үшін киінбеуі керек, ол өзінің ұятты жерлерін жасыру үшін, өзін суық пен ыстықтан сақтау үшін киінуі керек.

Адам ләззат алу үшін тамақтанбайды, өз өмірін сақтау, қуаттау үшін, Будда іліміне еру үшін оны уағыздау мақсатында тамақтанады.

Ол үйде ләззат алу үшін тұрмайды, өз байлығын көрсету үшін де тұрмайды. Оны Нұрлану үйінде тұрады деп ойлау керек, үй қабырғалары тұрмыстық құмарлықтан сақтайды, оны жаңбырдан және оны жалған ілімдердің желінен қорғайды.

Сонымен, барлық нәрсені ләззат алу үшін емес, өзінің басқалардан артықшылығынды көрсету үшін жасамау керек, нұрлану үшін, Будда ілімін өзің түсініп, үйреніп басқаларды оған үйрету үшін жасау керек.

Сондықтан, үйде өз отбасыңмен отырған кезінде адам бір минут те ілім жөнінде ұмытпауы керек.

Мейірімділік пен аяушылыққа бөленген ол өз отбасының игілігі үшін қызмет етуі керек және барынша отбасын құтқару жолына бағыттауы керек.

5. Қарапайым ізбасар әр уақытта әкесі мен шешесіне, отбасына, өзіне және Буддаға қызмет етуі керек.

Әкесі мен шешесіне қызмет жасағанда, ол әрқашанда олардың қамын ойлап, оларға тыныштық, бақыт тілеуі керек. Ал әйелі мен балаларымен бірге болғанда, ол үйірлену, байланушылық түрмесінен босанып шығуға әрқашан тырысуы керек.

Ол әнді-әуенді тыңдаған сәтінде, ол Будда ілімінен рақат алуды ізденуі керек. Бөлмеде отырған кезінде ақылды адамның деңгеліне жетуге тырысуы керек және жаман қылықтардан мәңгілікке арылуы керек.

Егер ол біреуге қайыр-садақа беретін болса, онда ол бәрінен бас тартуы керек және сараңдықтан құтылуға тырысуы керек. Егер ол адамдар арасында жиналыста отырса, ол Буддалар арасындағы жиналыста отырмын деп ойлауы керек. Егер ол апатқа, бақытсыздыққа ұшыраса қандай жағдай болмаса да жан тыныштығын жоғалтпасын деп тілеу керек.

Егер ол Будданың қорғауына сүйенсе, ол барлығымен бірге үлкен дұрыс, түзу жолды тілеуі керек.

Егер ол Будда ілімінің қорғауына сүйенсе, ол басқалармен біріге ілімнің қайнауына кіруге тілек білдіруі керек және үлкен мұхиттай ақылға кенелуі керек.

Егер де ол будда қауымының қорғауына иек артса, он да ол басқалармен қатар халықты алып жүруі керек және олардың жолындағы қиындық, тосқауылдарды жою керек.

Ол киім киген кезінде жақсылық пен көнгіштік киімі туралы ұмытпауы керек.

Ол үлкен және кіші дәрет алғанда сараңдықтың, ашу-ызаның, ақылсыздықтың ластануларынан арылуды тілеуі керек.

Жоғарыға көтерілген жолды көргенде, ол жоғарғы, биік жолға көтерілуді аңсауы керек және адасу дүниесінен шығуды тілеуі керек. Төменге қарай түскен жолды көргенде, ол Будда ілімінің тереңіне түсуді аңсауы керек.

Ол көпірді көрген шақта осы көпір арқылы адамдарды өткізу үшін ол Будданың ілімінің көпірін салуды тілеуі керек.

Бауырластық міндеттері

Ол қайғырып отырған адамды көргенде, ол үздіксіз өзгеріп отырған дүниенің өткінші екендігіне көз жасын төгуі керек.

Ол арман-тілекке берілген адамды көргенде, ол қиясы өмірден еркіндік алуды тілеуі керек және нағыз нұрлануға жетуі керек.

Ол дәмді тамақ алса, ол тамақта шек барын білуі керек, арман тілектің азабына ұмтылып, үйірден, байланулардан арылуды тілеуі керек.

Ол дәмсіз тамақ алса, ол тұрмыстық тілектерден мәңгілік арылуды тілеуі керек.

Шыдай алмайтын жазғы ыстықта ол тұрмыстық құмарлардың ыстығынан құтылуды және нұрланудың салқынының түсуін тілеуі қажет.

Қатаң, қысқы суықта ол Будданың жоғарғы қайырымдылығының жылуын тілеу керек.

Дұға оқыған кезінде ол Будданың ілімдерін ұмытпауды және оларды өмірге енгізуді тілеуі керек. Ол Будда жөнінде ойлаған кезінде, ол Будданың көзіндей өткір, көргендік көзге ие болуды тілеуі керек.

Түнде ұйықтап жатқанда, ол өз денесіне, тіліне және ойларына тыныштық және жан тазалығын тілеуі керек. Ал ұйқыдан оянған кезінде,

айналасындағы барлық нәрсені байқау үшін ол толық көз ашылуын тілеуі керек.

6. Будда іліміне сенуші барлық затты, шын мәнісінде көреді. Заттарда субстанция жоқ екендігі туралы ілімді біледі, ол жұмысты, адамдардың басқа істерін жек көрмейді, оларды барынша қабылдап, өзінің нұрлануы үшін пайдалануға тырысады.

Ол адам дүниесінде адасулар толып жатқандықтан онда барлығы мәнсіз деп ойламайды. Нұрлану дүниесінде барлығы игілікте деп те ойламайды. Осы дүниедегі бар нәрсенің барлығынан ол нұрлануға алып келетін жолды іздейді.

Егер де дүниеге надандық түнегінен шағылысқан көзбен қараса, дүние мәнсіз және дұрыс емес болып көрінеді. Егер дүниеге ақылдың анық көзімен қараса, ол дүние нұрлану дүниесі болып табылады.

Дүниеде мағынасы, мәні жоқ заттар кездеспейді, мәні бар заттар да болмайды.

Дүниеде жақсылық пен жамандық болмайды. Оларды осылай тек адамның ой-ниеті ғана бөледі.

Егер де осы ой-ниеттен арылса, барлығын да игілікті мәнге ие болады.

7. Будда іліміне сенуші сонымен Буддаға сенеді. Өзінің сенуші жанымен, ол барлығын дүниеде игілік деп қабылдайды, өзі қамын ойламай ол басқаларға қызмет етеді.

Сондықтан, Будда іліміне сенуші адам менменсінбейді, ол сыпайы, басқаларға қызмет етеді, ол жер секілді кеңпейілді бар нәрсесін өзімен көтеріп жүреді, ол барлығына қызмет етуге дайын, ол қандай да болсын азапты жеңуге дайын, ол жалқаулықты білмейді, ол барлық кедей, жарлыларға көмекке келуге дайын.

Адамдар жанын дұрыс тәрбиелеу үшін, селдір жанды адамдарға аяушылық жасау, мейірімді ана болуға тырысу керек. Міне осы адамдарды өз ата-анасындай сыйлауға өзінің ұлы ұстазына табынғандай табынуға ұмтылу тілегі болып табылады.

Сондықтан егер адамдар Будда іліміне сенген адамды жек көргенімен, үлкен мұхитты удың қаншалықты күшті болғанына қарамастан уландыруы мүмкін болмағанындай адамдарда оған қиянат көрсете алмайды.

8. Будда іліміне сенуші адам, өзінің бақыты жөнінде ойлай келе, оның Буддаға сенімі

Будданың күші, Будда мейірімі екендігін түсінеді және Буддаға деген ризашылыққа бөленеді.

Тұрмыстық құмардың батпағында Будда іліміне деген сенімнің ұрығы жоқ, бірақ Будданың мейірімділігі арқасында бұл батпақта сенімнің ұрықтары себілуі мүмкін және одан Буддаға сенетін жан өніп шығады.

Жоғарыда айтылғандай, ұлы ағаш эранда өсетін тоғайда қош иісті сандал ағаштары(чандана) өсе алмайды. Сол сияқты тұрмыстық құмарлармен қобалжыған кеудеде Буддаға деген сенім ұрықтары өсіп шықпайды.

Бірақ бұған қарамастан, тұрмыстық құмарлары бар кеудеде қуаныш гүлі гүлдеп, өсіп шығады. Бұл гүлдің тамырлары бұл адамның кеудесінде емес, олар басқа жерде. Олар Будданың кеудесінде.

Буддаға сенуші, егер де сараңдығынан, ашудан, ақылсыздықтан өзі туралы ойлай бастаса, басқаларды қызғана бастайды, жек көреді және басқаларға ауыртпалық алып келуге тырысады. Бірақ Буддадан пана іздеген адам, Будданың жоғарыда, айтылған ұлы істерін жасай бастайды. Бұл шын мәнісінде таң қаларлық нәрсе.

II ТАРАУ

ӨМІРДЕГІ БАСШЫЛЫҚ

1 ОТБАСЫЛЫҚ БАҚЫТ

1. Бақытсыздықтың іштен шығатынын білмеу және оны батыстан немесе шығыстан келеді деп ойлау ақылсыздық. Ішкі дүниені тәртіпке келтірмей тұрып өзінді сырттай қорғау дұрыс емес.

Адамдар әдетте таңертең тұрғанда тісін тазалайды, жуынады, батыс, шығыс, солтүстік, оңтүстікке, алты тарапқа, сонымен қатар төменге және жоғарыға сыйынады, бақытсыздықтың келетін жолдарына тосқауыл қояды, күннің сәтті өтуін тілейді.

Бірақ Будданың ілімі бойынша басқаша әрекет жасау керек. Дұрыс ақиқаттың алты тарабын құрметтеу керек, ақылмен іс-әрекет және ізгіліктік жасау керек, сонда өзінді бақытсыздықтан қорғап қалуға болады.

Ақиқаттың осы алты тарабын сақтау үшін ең алдымен төрт қылықтың ластығынан арылу керек, жанның төрт нашар көрінісін түбірімен жою керек

және үйдің жұтауына алып келетін алты жолды жабу керек.

Төрт қылықтың ластығы - бұл тірі жандарды өлтіру, ұрлық жасау, ойнастық қылу және жалғандық.

Жанның төрт жаман көрінісі - бұл көксеу, ашу-ыза, ақылсыздық және қорқыныш.

Үйдің жүдеуіне алып келетін алты жол - бұл ішімдікке салыну, түн ортасына дейін сайран салу, музыка мен театрға берілу, құмар ойындарын ойнау, жаман адамдармен дос болу және өз жұмысынан қашу.

Төрт қылықтың ластығынан тазарып, жанның төрт жаман көрінісін түбірімен жоя отырып, үйдің жүдеуіне алып келетін жолдарды жауып, ақиқаттың алты тарапына сиыну керек.

Ақиқаттың алты тарапы - шығысқа қарай ата-аналар және балалар жолы, оңтүстікке қарай ұстаз және шәкірттерінің, батысқа қарай ерлі-зайыптылардың, солтүстікке қарай жолдастар жолы, жоғарыға қарай Будда іліміне сенушінің жолы.

Ең алдымен ата-аналар және балалар жолын сақтау керек. Бұл баланың бес парызын білдіреді: әкесі мен шешесіне қызмет ету, үй жұмысында оларға көмектесу, тегін “жеті атасына” дейін білу, мұрасын қорғау және олар қайтыс болғаннан кейін ас беруі керек.

Ата-аналары да балаларына тиісті бес парызын орындауы керек: олар зұлымдықты жоюы керек, балаларды жақсылыққа үйретіп, жақсы, өнегелі тәрбие беруі керек, оларға жақсы қалыңдық тауып, ыңғайы келген уақытта оларға үйді мұра етіп қалдыруы керек. Егер де ата-аналар мен балалары өз міндеттерін орындаса, отбасында татулық және тыныштық орнайды және балалар мен ата-аналар арасында келіспестік, түсінбеушілік болмайды.

Ұстаз бен шәкірттердің оңтүстік жолы дегеніміз шәкірттердің өз ұстазын тіке тұрып қарсы алуға тиісті болуы, оған адал қызмет етуі, оның барлық бұйрықтарына бағынуы, оған тарту жасап, оның іліміне мұқиятты түрде көңіл бөлуі.

Ал ұстаз өз жағынан, өзін-өзі дұрыс, тура ұстауы керек, шәкірттеріне үлгі болуы керек, өзі үйренгенге дұрыстап шәкірттерін үйретуі, дұрыс уағыздап, дұрыс оқытуы қажет, ол оқушыларының атаққа ие болуы жөнінде қамдануы керек және оларды барлық жағдайда қорғауы керек. Сонда ұстаз бен шәкірттерінің арасындағы қарым-қатынас өте жақсы болып қалыптасады.

Ерлі-зайыптылардың батыс жолында күйеуі әйелін сыйлауы керек, әйелімен сыпайы болып оған адал жар болуы керек. Күйеуі әйеліне шаруашылық істерді жүргізуді беруі керек, кейде оған әшекей зат алып беруі керек. Ал әйелі болса күйеуіне байланысты үйді реттеп, таза ұстап үй қызметкерлерімен жақсы

қарым-қатынаста болып, адалдықты сақтап, күйеуінің табысын шашпай, үй шаруашылығындағы іс-терді дұрыс, жақсы басқаруы керек. Сонда ерлі-зайыптылар ынтымақты болып, оларда келіспеушілік, ажырасу болмайды.

Солтүстік жолдастар жолында бір-бірін толықтыру керек, бір-біріне қайырымды болу керек, бір-бірінің пайдасын ойлап, бір-біріне сезімтал болу керек.

Жолдасың жаман жолға түспеуін бақылау керек. Егер де ол теріс жолға түскен жағдайда оған көз қырын сала жүру керек, досың қиындық жағдайда болса, оған кеңес беру арқылы көмектесуге ұмтылу керек, бақытсыздыққа ұшыраса оған қол ұшын беру керек, қажет болса оның әйелі мен балаларына қамқорлық жасау керек. Міне сонда жолдастар арасында қарым-қатынас жақсы болып, олар бақытты болады.

Төменгі жолда, қожайын және қызметкер жолында қожайын бес парызды орындауы керек. Қызметшіге ақыны жоғары төлеу. Қызметшісі ауырып қалған кезде, оған қамқорлықпен қарау. Сирек кездесетін заттардың барлығын қызметшімен бөлісу. Белгілі бір уақытта оған демалыс беріп тұру керек.

Қызметшілерде өз тарапынан бес міндетті орындауы керек. Таңертең қожайыннан ерте тұруы

керек, ал кешке болса қожайыннан кеш жатуы қажет.

Адал болып, өз жұмысын жақсы білуі керек. Сондай-ақ мүмкін болғанша қожайынның атына кір-келтірмеуге барынша тырысуы керек. Сонда қожайын мен қызметшінің арасында келіспеушілік болмайды, олар татулықта және ынтымақтастықта өмір сүреді.

Будда іліміне сенуші жолдағы әрбір отбасында Будда ілімі болу керек. Ілімді оқып, үйренген, уағыздалатын адам ретінде ол өзінің ұстазына зор құрмет көрсету сезімімен қарау керек. Бұл сезіммен оның денесі, аузы және жаны толығыуы керек. Ол ұстазын әдеппен, қарсы алуы керек, оның іліміне дұрыс, адал еруі керек және оған тарту жасау керек.

Ал Будданың ілімін таратушы ұстаз өз тарапынан, ілімді жақсы түсінуі керек, зұлымдықтан аулақ болуы керек, жақсылыққа үйретуі керек, дұрыс жолды уағыздауы қажет, шәкірттеріне жан дүниесінің байсалдығына ие болатындай етіп жол сілтеуі керек. Сонда бүкіл отбасы ілімді үлкен ықыласпен сақтай отырып осы жолға түседі.

Алты тарапқа сиыну дегеніміз, бақытсыздықтан қашу үшін алты тарапқа сиыну емес. Бұл ақиқаттың алты тарапына еру және іште бақытсыздық туындамауына тырысу.

2. Адам достасуға болатын, немесе достасуға болмайтын жолдастарын айыра білуі керек.

Сөзі тәтті, жағымпаз, сараң адаммен дос болуға болмайды, шашқыш, ысырап еткіш адаммен достасуға болмайды.

Қиын шақта көмекке келетін, сенімен қуаныш пен қайғыны бөлісуге дайын, пайдалы кеңес беруге аянбайтын және терең аяушылығымен ерекшеленетін адаммен достасу керек.

Сенің теріс жолдан тайып кетпеуіңді қадағалаған ішкі жанымен сен үшін мазаланған, бақытсыздықта жұбататын, керек уақытта көмекке келуге өзін аямайтын, сенің сырынды сақтаған және пайдалы кеңес беретін адаммен дос болу керек, оған қызмет ету де керек.

Мұндай досты табу қиын, өзің де сондай дос болуға тырысу керек. Жақсы адам өздерінің дұрыс іс-қимылдары арқасында адамдарға күн бола алады.

3. Ата-аналар алдындағы ұлы парызыңды ештеңемен өтей алмайсың. Жүз жыл бойы әкенді оң иығыңда, шешенді сол иығыңда алып жүрсең де өтей алмайсың.

Жүз жыл бойы әке-шешенді жұпар иісті ваннада күні түні жуындырсаң да, тамаша ұл ретінде олар барынша қамқорлық жасағаныңмен де, оларды таққа

Өмірдегі басшылық

отырғызып, әр түрлі байлық жиһазбен қоршағаныңмен де ұлы парызыңды өтей алмайсың.

Бірақ олардың Будда іліміне сенуіне, теріс жолды тастап, түзу жолға түсуіне, сараңдықтан бас тартып, қуана теберік беруіне жағдай жасасаң, онда өзіңнің ұлы парызыңды өтей аласың. Мүмкін бұл ұлы парызды өтеуден де артық болар.

Балалары ата-аналарын сыйлайтын, жақсы көретін отбасын да Будда және құдай жасайды.

4. Әсіресе отбасында жандар арасындағы қарым-қатынас көп болады, сондықтан отбасы ынтымақты болса, ол гүлдеген бақтай әсем болады. Бірақ жандар арасындағы үйлесімділік бұзылған жағдайда, ұрыс-керіс басталады және отбасына іріткі түседі.

Бұл жағдайда, басқаларды кінәләмей өз жаның жөнінде өзің қам жасап, түзу жолмен жүруің керек.

5. Ілгері заманда нағыз діншіл жас жігіт өмір сүріпті. Әкесі қайтыс болған соң, шешесі екеуі бірге тұрады. Олар бір-бірін жақсы көретін және тамаша тұрып жатты. Көп-ұзамай ұлы үйленеді, олар үшеуі бірге тұра бастайды.

Бастапқыда бәрі жақсы жүріп жатты, барлығы да бақытты болды. Бірақ бір күні болмайтын нәрседен енесі мен келіннің арасында түсінбестік пайда болды. Бітпейтін ұрыс-керіс басталып кетті. Ең ақырында қартайған ана шыдай алмай жастарды тастап кетіп қалды.

Шешесі кеткеннен кейін жас келін ұл туады. Енесімен бірге тұрғанда енесінің жәбір көрсеткендігі және бала туа алмағандығы жөніндегі, ал енесі кеткен соң оларға құдай бала берді деген келіннің назы жалғыздықтан өмір сүрген ененің құлағына жетеді.

Енесі қатты ашуланып: “Дүниеде әділеттілік жоқ. Анасын қуып шыққан келінге құдай нәресте берсе, бұл әділеттілік - аяғы аспанға қараған әділеттілік”- деп айқай салады.

“Мұндай әділеттілікті көміп тастау керек”- деп ашудан ойланбай айқайлап, молаға қарай жүріп кетеді.

Бұл жөнінде білген құдай оның алдынан шығады. Ол оны сұрастыра келе иландыра бастайды бірақ, көрі шеше оны тыңдамайды.

Сол кезде құдай оған былай дейді: “Жақсы Онда мен сенің жек көретін келініңді және немеренді өртеп жіберейін. Сен соған риза боласың ба?”

Құдайдың бұл сөзінен ене есін жинап, өз ісінің дұрыс еместігін түсінеді, күнәсіна өкініп, раидан қайтып, құдайдан оның келіні мен немересінің өмірін сақтап қалуды сұранады. Баласы мен келіні де осы уақытқа дейін қателесіп келгендігін түсінеді. Олар шешесіне барып, моладан қайтып келе жатқан жолда қарсы алады. Құдай енесі мен келінін татуластырды және отбасында ынтымақ орнады.

Егер әділеттіліктен бас тартпасаң, онда ілім мәңгілік өшпейді. Ілім өшкеннен жойылмайды, адам әділеттілікті ұмытқанда жойылады.

Жан мен жан арасындағы келіспеушілік шын мәнісінде үлкен бақытсыздыққа алып келеді. Кішкентай ғана түсінбестіктің өзі үлкен қырсыққа ұшыратады. Отбасылық тұрмысында міне осыдан қорқу керек.

6. Адам өз отбасын асырау үшін құмырсқа мен ара секілді еңбек етуі керек. Ол басқаларға арқа сүйемеу керек, тарту сыйлықты күтпеуі керек.

Еңбектеніп табылған байлықты өзімдікі ғана деп есептеп, өзіне ғана жұмсауы керек. Оның бір бөлігін

басқа адамдарға беріп, қалған бөлігін ауыр, қиын күндер үшін алып қалу керек. Егерде ол мемлекеттің, қоғамның және Будда ілімінің пайдасына жұмсалатын болса, онда оған тек қуану керек.

Дүниеде “өзімдікі” дейтін еш нәрсе жоқ. Барлығы да белгілі бір жағдайларға байланысты келеді және оларды сен уақытша пайдалануға аласың. Сондықтан барлығына да құнттылықпен қарауы керек.

7. Удаян патшасының әйелі Сямавати Анандаға 500 киімді әкеліп тарту етеді. Ол бұл тартуды ризашылықпен қабылдайды.

Мұны естіген патша Ананда тартуды сараңдығынан алған болар деген ойға кетеді. Ол Анандаға барып мынаны сұрайды:

“Құрметтім, бірден 500 киімді алып, онымен не істемекшісің?” - деп сұрайды.

Ананда былай деп жауап береді: “Ханзадам, көптеген монахтар көнерген киімде жүр. Мен оларға жаңа киім бергім келеді.” “Ал киілген киімді қайда жібересің?” “Киілген киімнен жаймалар жасаймыз.” “Ал онда ескі жаймаларды қайда жібересің?” “Олардан жастық тыс жасаймыз.” “Ал ескі жастық тысты ше?”, “Олардан біз еденге төсегіштер тігіміз.”

“Ал ескі төсегіштерді?” “Олардан біз аяқ сүртетін кілемшелер жасаймыз.” “Ал ескі аяқ сүртетін кілемшелермен не істейсіз?” “Олардан еден жуатын шүберек жасаймыз.” “Ескі шүберектерді ше?” “Ханзада, ескі еден жуатын шүберектерді ұсақ қиындыларға бөліп, жыртып лайға араластырамыз. Үй салған кезде оның қабырғаларын осы лайдан жасаймыз.”

Заттарға өте ұқыпты қарау керек. Оларға дұрыс қолдануды табу керек. Бізге уақытша пайдалануға берілген “өзіндікі” болмаған заттарды осылай пайдалану керек.

2. ӘЙЕЛ ӨМІРІ

1. Әйелдің төрт түрі бар. Бірінші түрдегі әйелдер болмайтын нәрсеге шамданады, олар ерке, қыңыр, біреудің бақытына қызғанышпен қарайды, сараң, тарту жасамайды.

Екінші түрдегі әйелдер жиі ашуланады, қыңыр мінезді, сараң, бірақ біреудің бақытын қызғанбайды және тарту жасайды.

Әйелдердің үшінші түрі кеңпейілді, көп ашуланбайды, олар ерке емес, өз тілеулерінде

ұстамды, бірақ басқаларға қызғанышпен қарайды және тарту жасамайды.

Әйелдің төртінші түрі кеңпейілді, ешқашан ашуланбайды, өз ниеттеріне ұстамды, әрқашанда байсалды, басқаларды қызғанбайды және тарту жасайды.

2. Қыз тұрмысқа шығарында, төмендегі нәрселерді ұмытпауы керек. Күйеуінің ата-аналарын сыйлап, оларға қызмет етуі керек. Күйеуінің ата-анасы жастардың пайдасы үшін қам жейді, олардың ақылды қорғаушылары деп ойлауы керек, сондықтан оларға ризашылықпен қызмет етіп, оларға әрдайым көмекші болуға тырысу керек.

Күйеуінің ұстазы оны қасиетті ілімге оқытады сондықтан әйелі ұстазын сыйлап оның алдында бас июі керек. Себебі адам рухани ұстазсыз өмір сүре алмайды.

Күйеуінің жұмысын түсініп, оған көмектесу үшін әйелі оқуы және өз бетінше білім алуы керек. Күйеуінің жұмысына жат адамның жұмысындай бейқам қарауына болмайды.

Күйеуінің қарамағындағы және оған жұмыс бабымен келген адамдардың мінез-құлқын, қабілетін және ұнататын нәрселерін білуге тырысу керек және оларға оң көзбен қарау керек. Күйеуінің табысына құнттылықпен қарап, өзіне артық ақша жұмсамауы керек.

3. Күйеуі мен әйелінің арасындағы қарым-қатынас ыңғайлылық пікірінен ғана қалыптасқан жоқ. Бір үйде тұрғандықтан да емес. Күйеуі мен әйелі қасиетті ілім бойынша өздерінің жанын жетілдіру керек.

Бір кезде басқаларға тамаша отбасы ретінде үлгі еткен ерлі-зайыптылар Жаратқанға келіп, Оған мынадай сөздер айтады: “Жаратқан ием, біз бір-бірімізді балалық шақтан білеміз. Есейгенде біз үйлендік. Осы уақытқа дейін бір-біріміздің көзімізге шөп салу туралы ойда болған емеспіз. Біз о дүниеде де татулықта, бір-бірімізді жақсы көре тұрып, осы дүниеде тұрғандай жасағымыз келеді. Біздің бұл тілегіміз орындалу үшін біз не істеуіміз керек? Соны айтшы.”

Жаратқан ием сонда былай деп жауап береді: “Онда сендерге бір дінге сену керек. Егер де сендер бір ілімді қабылдап, бірге жандарынды жетілдірсеңдер, бірге тарту жасасаңдар, бірге ақылойға ие болсаңдар, сендер о дүниеде де бір жандай жасай аласыңдар.”

4. Бай Анатхапиндада көпесінің үлкен баласына тұрмысқа шыққан Суджата өте тәкәппар әйел болатын. Ол ешкімді тындамайтын, күйеуінің ата-анасының бұйрықтарын орындамайтын, оларды сыйламайтын, осыдан отбасында келіспеушіліктер шығып тұрды.

Бір жолы Жаратқан ием осы бай көпестің үйіне келіп оның отбасының қандай жағдайда екенін көреді. Ол Өзіне жас келін Суджатаны шақырып алып оған мынаны айтады: “Суджата, дүниеде әйелдің жеті түрі бар.

Біріншісі - кісі өлтіретін адамдар сияқты әйелдер. Олардың жанын кір басқан, олар өздерінің күйеулерін сүймейді де, сыйламайды, күйеулерінің “көзіне шөп салып”, басқа еркекке кетіп қалады.

Екінші түрі - ұры секілді әйелдер. Олар күйеулерінің жұмысын түсінбейді, өз мансабын қанағаттандыруды ғана ойлап, өзін тойдыру үшін күйеуінің табысын аямай жұмсайды және осынысымен өз күйеуін тонайды.

Үшінші түрі - қожайын секілді әйелдер. Олар үй жұмысымен айналыспайды, жалқау және өз қажеттіліктерін өтеумен ғана айналысады, олар адамдармен дөрекі, әр уақытта күйеулеріне ұрсып отырады.

Төртінші түрі - шеше секілді әйелдер. Олар күйеуін қамқорлық мейіріммен қоршайды, күйеуін өз баласындай қорғаштайды, күйеуінің табыстарына құнттылықпен қарайды.

Бесінші түріндегі әйелдер, кіші қарындастарындай. Олар күйеуіне адал қызмет етеді, өз сінділеріне көрсеткен сүйіспеншілік сезіміндегі сезіммен күйеуіне қызмет етеді, олар сыпайы және ұстамды.

Алтыншы түрі - бұл әйелдер достардай. Олар көп жыл бойы көріспеген ескі достарға қуанғандай, күйеулеріне әрдайым қуанышпен қарайды. Олар барлығын дұрыс жасайды, Олар жуас және күйеулерін сыйлайды.

Жетінші түрі - қызметкерлері секілді әйелдер Олар күйеуіне адал қызмет етеді, оны сыйлайды оның бұйрықтарына сөзсіз бағынады, ашуланбайды, өкпелемейді, олар күйеуінің бақытты болуы үшін барлығын жасайды.

Суджата әйелдің осы жеті түрінің сен қайсысы болғың келеді?

Бұл сөздерден кейін Суджата ұялып, істеген ісіне өкініп, қызметшісі секілді әйел болатынын, күйеуіне әр уақытта көмектесіп, онымен бірге Будда ілімінің соңына еретінін айтты.

5. Амрапали Вайсалидегі бай және белгілі жеңіл жүрістегі әйел болатын, ол көптеген сұлу жас жезөкше әйелдерді қолында ұстаған. Бір жолы ол жақсы ілім алу үшін Буддаға келеді.

Ол былай дейді: “Амрапали әйелдің жаны оңай ғана мазасызданады және оп-оңай қателеседі. Әйел сараң, сондықтан ол басқаларды қызғанып, тойымсыз болады. Еркекке қарағанда нұрлану жолында оның алдында кедергілер көп болады.

Сондықтан әйелге бұл жолмен жылжуға қиынырақ. Әсіресе ол жас және сұлу болса. Бұл жолмен ол байлықпен махаббаттың қызығын жеңе отырып жүруі керек.

Амрапали, әйелдерді еліктіретін байлық пен махаббат, ол тұрақты қазына емес. Тұрақты қазына болып тек нұрлану жолы ғана болып табылады. Күшті адамда аурудың алдында әлсіз, жас адам да қартаяды, өмірге өлім қауіп төндіреді. Кейде жақсы көретін адамдармен қоштасуға тура келеді. Жек көретін адаммен бір ортада болуға тура келеді, адамның тілегі әрқашан орындала бермейді. Бұл дүние осылай жаратылған.

Сондықтан бұл дүниеде сені сақтап қалатын жол тек нұрлану болып табылады. Нұрлануға асығу керек.”

Бұл ілімді естіген ол Будданың шәкірті болды және Будда қауымына әдемі сая бақты тарту етті.

6. Нұрлану жолында еркек пен әйелдің арасында айырмашылық жоқ. Егер әйел нұрлану жолын іздеуді көздесе, ол нұрлану жолына түседі.

Прасенаджита патшасының қызы, Айодхия патшасының әйелі Маллика, нұрлану жолына түскен болатын, ол Жаратқанның ілімінде баспана тапқан, Оның алдында төмендегі он антты берген.

“Жаратқан ием, бүгінгі күннен бастап, нұрлануға жеткенше, мен, біріншіден, қасиетті өсиеттерді бұзбаймын. Екіншіден, мен өзіммен үлкен кісілерге тәкәппарлық көрсетпеймін. Үшіншіден, ешкімге де ашуланбаймын. Төртіншіден, біреудің түріне, затына қызғанышпен қарамаймын. Бесіншіден, мен өз жанымды да, затымды да аямаймын. Алтыншыдан, заттарды өзім үшін сақтамай, кедей адамдармен бақытты болуы үшін олармен бөлісемін. Жетіншіден, мен тарту жасаймын, барлығымен сыпайы болып, басқаларға пайда алып келетіннің барлығын жасаймын, солардың орнына өзімді қоя тұрып, олар туралы ойлаймын. Мұның барлығы өзім үшін емес, ешбір пайдасыз жаман ойсыз басқалар үшін жасаймын. Сегізіншіден, егер жалғыз адамды, түрмеде отырғанды, ауырған адамды немесе қайғырғанды көрсем, олардың қайғы-азабын жеңілдету үшін, оларды құтқару мақсатында оларды ақиқатқа үйретемін. Тоғызыншыдан, егер де тірі жанды ұстап алған қапаста ұстаған адамды, әр түрлі өсиеттерді бұзған адамды көрсем күшім жеткенше керек адамды мұндай жаман істерін тоқтату үшін

жазалаймын, керек адамды оқытамын. Оныншыдан, дұрыс ілімді тыңдауды ұмытпаймын, себебі дұрыс ілімді ұмытқан адам әрбір затта жасырынған ақиқаттық ілімнен алыстайтынын, нұрлану жағасына жетпейтінін мен білемін.

Сонымен қатар, бұл бақытсыз адамдарды құтқару үшін мен үш тілегім бар. Біріншіден, барлығы тыныштыққа ие болса деп тілеймін. Осы жақсы тілектің арқасында өлгеннен кейін қандай өмірге ие болсам да, мен дұрыс ілімге ие боламын деп сенемін.

Екіншіден, дұрыс, тура ілімнің ақыл-ойына жеткенімде мен өз күш-жігерімді аямай басқа адамдарды үйретемін.

Үшіншіден, тура, дұрыс ілімді қорғап қалу үшін, мен өз өмірімді, денемді және бар байлығымды құрбан етуге дайынмын.”

Отбасының шын мәні барлығының бірге нұрлану жолымен жүруінде болып табылады. Әйелде, егер осы жолмен жүруді көздесе және осындай тілектері болса, Маллика секілді Будданың ұлы шәкірті бола алады.

3. БАРЛЫҒЫ ҮШІН

1. Жеті ілім мемлекеттің гүлденуін қамтамасыз етеді.

Бірінші - халық саяси мәселелерді талқылау үшін жиі жиналып тұруы керек, өз елін берік қорғауы керек.

Екіншіден - барлық әлеуметтік топтардың адамдары ынтымақта болып, бірге мемлекеттік істі талқылауы керек.

Үшіншіден - ескі дәстүрлерді сыйлауы керек, себепсіз өзгертпей; әдептілік пен борыштың ережелерін сақтау керек.

Төртіншіден - жыныстық және жас ерекшелігін мойындау керек, отбасы және қоғам тазалығын сақтау керек.

Бесіншіден - ата-аналарды қадірлеп, ұстаздар мен үлкендерді сыйлау керек.

Алтыншыдан - арғы ата-бабаларды алтарь алдында оқу арқылы, ас беру және жыл сайын бейітіне бару арқылы қадірлеу керек.

Жетіншіден - қоғамдық моральды сақтап, ізгілікті, адамгершілікті бағалау керек, ізгілікті ұстаздың іліміне еріп, оған тарту жасау керек.

Қандай мемлекет болмасын, егер де онда осы жеті ілімге ерсе, сөзсіз гүлденеді және басқа мемлекеттер арасында сыйлы болады.

2. Ерте заманда елін жақсы басқарған патша өмір сүріпті. Оның ақылы үшін оны Ұлы жарық деп атаған екен. Өзінің мемлекетті басқарудағы принциптерін түсіндіре келе, былай деген:

“Елді басқармастан бұрын, өзіңнің жаныңды бақылауға алу керек. Өз халқына мейіріммен қарап, адам жанын ластықтан тазалай отырып, оны алып жүру, оқыту керек. Олар жан тәнімен тыныштануы үшін адамдарға дұрыс, тура ілімді беру керек және осы ілімнен артық ешнәрсе жоқ екендігін дұрыс түсінуі керек.

Егер алдына кедей келсе, оның алдында барлық қоймаларыңды ашып, алғысы келген нәрсенің барлығын алуға рұқсат беру керек.

Осымен қатар оны барлық жамандықтардан алыс жүруге көндіру керек.

Әрбір адам жан-дүниесінің жағдайына байланысты заттарға көз-қарасы әр түрлі болады. Осы астананың адамдары өз қаласына әр қилы қарайды. Біреулері оны әсем қала десе, екіншілері, олай деп есептемейді. Мұның барлығы олардың жан-дүниесінің және қоршаған ортаның жағдайына байланысты.

Ілімді сыйлаған адам, өзінің дұрыс және ашық жанымен қарапайым ағаштан және тастан көкшіл бояудың әдемі сәулесін көре алады. Өз жанын қолға алғысы келмеген сараң адам үшін ең сәулетті сарай да әсем болып көрінбейді.

Адамның күнделікті өмірінде барлығы тура осылай жүріп жатады. Ең бастысы - Ол жан. Сондықтан елді басқарудағы ең бастысы, менің ойымша, бұл - халықтың өз жанын жетілдіру.”

3. Ұлы Жарық патша айтқандай, елді басқарудағы ең бастысы - бұл халықтың өз жанын жетілдіруі.

Жанды жетілдіру - бұл нұрлану жолымен жүру дегеніміз. Сондықтан елді басқарып отырған адам, ең алдымен Будда іліміне сенуі керек.

Егер де елді басқарып отырған адам, оның іліміне Буддаға сенетін болса, мейірімді, ізгілікті адамдарды сыйлап, оларға тарту жасаса, онда оның жаулары болмайды, ешкім оған қарсы зұлымдық ойламайды оның мемлекеті сөзсіз гүлденеді.

Егер мемлекет гүлденсе, басқа елдерді басып алу қажеттілігі болмай қалады, басқа елдермен соғысқа қажетті қару да керек болмайды.

Демек халық бақытты және молшылықта өмір сүреді, барлық әлеуметтік топтар татулықта, келісімдікте өмір сүреді, жақсылық пен игілік, адамгершілік гүлденеді, адамдар бір-бірін сыйлап, жақсы көретін болады. Адамдар өніп-өседі, ауарайы жақсарады, қатты суық пен шыдамсыз ыстық болмайды, күнде, ай да және жұлдыз да әрдайым сәулесін түсіріп тұрады, жаңбыр мен желдер уақтылы және қоңырсалқын болып, табиғи апаттар болмайтын болады.

4. Патшаның міндеті - өз халқын қорғау. Халқы үшін патша әкесі мен шешесіндей. Себебі ол өз заңдарымен оны қорғайды. Ол өз халқына ата-анасы баласына қарағандай, ықыласпен қарау керек. Бала мазаланбай тұрып су жөргегін уақтылы ауыстырып тұрған ата-аналардай, патша да өз халқының бақыты туралы қамқорлық жасап, қайғы-қасіреттен азат етуі керек. Патша үшін халық мемлекеттің нағыз қазынасы. Себебі халықсыз мемлекет бола алмайды. Ал мемлекет тек халқы молшылықта өмір сүргенде ғана күшті және мықты, бекем бола алады.

Патша өз халқы жөнінде әрдайым қамқорлық жасау керек. Ол халықтың қуанышы мен қайғысында көріп отыруы керек, оның гүлденуін ойлауы керек.

Ал бұл үшін ол барлығы жөнінде - су жөнінде, жел жөнінде, жаңбырлар жайында, егістіктің қалай болатынын алдын-ала болжай білуі керек, қуаңшылықтың болуын сезуі қажет, халықтың қуанышы мен тіршілігі, қылмыстар мен қызметі жөнінде жақсы хабардар болуы керек. Қылмыс жасағандарды қылмысына қарай ол жазалауы керек, көзге түскендерді бағалай білуі керек.

Патша өз халқын жақсы білуі керек. Халыққа беретін кезде, уақытылы беру керек. Халықтан алатын уақытта мұқиятты өлшеп алу керек. Халықты тонамау үшін, салық мөлшері көп болмауы керек. Сонда халық молшылықта, байлықта тұрады.

Патша өз күшімен және билігімен халықты қорғайды. Халықты өзін-ойлағандай ойлаған адам ғана патша болуына құқы бар.

5. Патшаның патшасы - ол Ақиқат Патшасы болып табылады, Оның арғы-тегі, шежіресі ақ сүйек және тура Ол дүниенің барлық елдерін басқарып қана қоймайды, ол ілімді құрметтейді.

Бұл патша қайда барса да, еш жерде ұрыс керіс, өкпе болмайды. Ол ізгілікті ақиқаттың күшімен жасайды. Халыққа бейбітшілік және молшылық алып келеді, жамандық-зұлымдықты түп-тамырымен жояды.

Ақиқат Патшасы өлтірмейді, ұрламайды ойнас қылмайды, өтірік айтпайды, өсек айтпайды, екі жүзді болмайды, бостан-бос сөйлемейді, сараңдықты білмейді, ашуланбайды, ол ақылды. Осындай жақсы 10 іспен ол халықтың 10 жамандығын жояды.

Ол ақиқат күшімен билеген соң, ол құдіретті. Ол болған жерде, соғыс және жәбір көрсету жоқ, адамдар бір-бірімен ұрыс керіске бармайды. Демек, халық байсалды, ал мемлекет тұрақты. Халық өмірге құштарланады сондықтан оны Ақиқат Патшасы деп атайды.

Ақиқат Патшасы патшалар ішіндегі патша болғандықтан, барлық патшалар оның рақымдарына, ізгілігіне қуанады және содан үлгі ала отырып өз елдерін басқарады.

Сонымен, Ақиқат Патшасы - Будда іліміне сәйкес соның арқасында елдерін дұрыс, жақсы басқарып отырған барлық патшалардың қорғаушысы болып табылады.

6. Қылмысты ашу барысында бұл іске патша мейірімділікпен және аяушылықпен қарау керек. Өзінің ой саралығымен бәрін байқай, аңғара отырып, ол бес принципті басшылыққа алу керек.

Бірінші - ол шындыққа сүйенуі керек. Ол барлық нәрсенің шын мәнісін, жағдайын анықтап, осы шындық көрінісі негізінде шешім шығаруы керек.

Екіншісі - патша жазаны өз күшінде болғанда қолдануы керек. Егер патша күшінде болса, жазалау жүзеге асады. Егер патша күшінде болмаса, жазалау тәртіпсіздікті туғызады. Сондықтан патша өзінің қайтып күшіне енгенінше күтуі керек.

Үшінші - қылмыстың нәтижесіне қарай емес, оның ниетіне қарай соттау керек. Қылмыскердің жан-дүниесіне үңіліп, қылмысты алдын ала біле тұра жасағанын, не білмей жасағанын анықтау керек. Егер әдейілеп жасамаса оны кешіру керек.

Төртінші - қылмыскерге әдеппен қарау керек және оған ешқандай жағдайда дөрекілек жасауға болмайды. Бұл қылмыскердің қандай заңды бұзғанын дұрыс анықтау үшін қажет. Сондай-ақ қылмыскер істеген ісіне өкінуі үшін оның жан-дүниесіне жақсы, мейірімді сөздермен қатты әсер ету керек.

Бесіншіден - қылмыскерге мейіріммен, аяушылықпен қарап және оған жеккөрушілікпен ешбір қарауға болмайды. Қылмысты жеккөргеніңмен, адамды жек көруге болмайды. Қылмыскер өзінің қылмыс жасағанына өкінуі үшін мейірімділік пен аяушылық қажет.

7. Егер де жоғарғы орындағы министр, мемлекеттік мүддені ұмытып, тек өзінің жеке

мүддесін ғана ойласа, қызмет бабын пайдаланып, пара алатын болса осынысымен қоғамдық моральды бұзса, онда адамдар бірін-бірі алдай бастайды, күштілер әлсіздерді ығыстырады, ақ сүйектілер төменгілерді жаратпайды. Байлар кедейлерді алдайды және әділеттілік жойылады. Бақытсыздық кеңейіп және өсе бастайды.

Сонда сенімді министрлер істен шеттеледі, адал адамдар өз өмірлері үшін қорыққанынан үндемейді. Маңызды орындарға екі жүзділер отырып, билікті теріс пайдалана отырып, дүние таба бастайды. Ал халық болса кедейленген үстіне кедейлене түседі.

Істің мұндай жағдайында патша үкімдері еленбейді, оның билігі әлсірейді.

Мұндай қаскүнемдер халықты бақытынан айырады - сондықтан олар мемлекеттің қауіпті жаулары. Олар жоғары тұрғандарды алдап, төменде тұрғандарды бұзады, олар мемлекеттің пәлелерінің қайнар көзі болып табылады. Мұндай қаскүнемдерді патша ерекше қатал жазалауы керек.

Егер де Қасиетті ілімге сәйкес патшаның әділетті заңдар бойынша билеген елінде, өз атанасын құрметтемейтін, тек өз отбасының қамын ғана ойлайтын, ата-аналарға көңіл бөлмейтін, ата-анасынан барлығын алып кететін, тыңдамайтын адамдар болса, онда оларды аса жауыздылардың қатарына қосу керек.

Себебі балалардың, ата-аналардың алдындағы борышы өте үлкен, оны ештеңемен қайтара алмайды. Өз қожайынына адал емес және ата-анасын қадірлемейтін қылмыскерді қатаң түрде жазалау керек.

Егер де патшаның қасиетті ілімге сәйкес әділетті заңдар бойынша билейтін елде Буддаға, Оның іліміне, Будда қауымына осы үш қазынаға сенбейтін адамдар бар болса, храмдарды бұзып қасиетті дұғаларды өртеп, монахтарды ұстап, қуады, сондай ақ Будда ілімін бұзады бұлар ең ауыр қылмыс болып есептеледі.

Себебі мұндай істер барлық игі істің негізінде жатқан халық сенімін кетіреді. Олар барлық жақсылық талап, ниетті жойып, өздеріне ор қазады.

Бұл үш қылмыс ең ауыр және оларды қатаң түрде жазалау керек. Барлық басқа қылмыстар бұл үшеуімен салыстырғанда түк емес.

8. Егер қасиетті ілімге сәйкес билеген патшаға қарсы қастандық ұйымдастырылатын болса, немесе сыртқы жау бас салатын болса, онда оның үш нанымы болуы керек.

Біріншіден, ол қастандық жасаушы немесе сыртқы жау адамдарды өлтіріп, халықты құлдыққа салғысы келгенін білуі керек, сондықтан ол қолына қару алып өз халқын құтқаруы керек.

Екіншіден, мүмкіндік болса қастандық жасаушыларды күш қолданбай басып және сыртқы жауды қайтару керек.

Үшіншіден, мүмкіндігінше жауды тұтқынға алуға тырысып, өлтірмей, қарусыздандыру керек.

Міне осы үш пікір сенімге сүйене отырып патша өз әскеріне әскери бағытында орналасып, ұрысқа дайын болуын бұйрық етуі керек.

Осындай жағдайда солдаттар патшаның табандылығы мен ұлылығы, ізгілігі алдында бас иеді, құрметтейді. Олар қандай соғысты жүргізіп отырғандығын түсініп, өз патшасын қолдайды. Өз патшасының мейірімділігіне, аяушылығына сене отырып, олар өз өмірін аямай соғысады, сондықтан патша әрдайым жеңіп отырады. Сонымен оның жеңістері оның ізгілігі, рақымдылығы болып табылады.

III ТАРАУ

БУДДАНЫҢ БАҚЫТТЫ ЖЕРІН ҚҰРУ

1. ЫНТЫМАҚТЫ ҚАУЫМ

1. Түнекте кең жазық дала болған. Еш жерде жарық болмаған. Жазықта есепсіз көптеген тірі жандар тіршілік еткен.

Түнектен тірі жандар бірін-бірі білмеген әр бір тірі жан жалғыздықта болады. Олар жалғыздықтан азап шекті. Олардың өмірі қамығуға толы болады.

Кенеттен жарық пайда болды. Күтпеген жерден қолында басынан жоғары ұстаған шырағы бар ұлы адам көрінді. Қараңғы жазық бір мезетте жарықпен сәулелене түсті.

Қараңғылықта жер бауырлап жүрген тірі жандар аяғына тұрып, айналасына қарады. Олар айналасында өздеріне ұқсас тірі жандардың өмір сүретінін көрді. Қуаныштан шыққан айқаймен олар бір-біріне құшақ жая жүгірді, көңілденіп, бір-бірімен сөйлесе бастады.

Жазық бұл жерде өмірді білдіреді. Қараңғылық - дұрыс, тура ақыл-ойдың жарығының болмауын көрсетеді. Жан-дүниеде ақылдың жарығының

болмағандығынан, адамдар бір-бірімен кездескенде, танысып, дос болып кете алмайды.

Олар жалғыздықта дүниеге келеді де, жалғыздықта дүниеден қайтады.

Олар мүлдем жалғыз, бостан-бос әбігерленіп, жалғыздықтан азап шегеді.

Басынан жоғары ұстаған шырағы бар Ұлы адам пайда болды - бұл ақылдың жарығымен өмірге келген Будда.

Бұл сәулемен жарықтандырылған адамдар, бірінші рет өзін түсінуге және басқаларды көруге мүмкіндік алады. Таң қалған және қуанған олар біріне-бірі ұмтылады және осы кезде олардың арасында достық қарым-қатынас туындайды.

Қаншама миллион адам тұрғанымен де, егер олар бір-бірін білмесе, танымаса онда бұл қоғам емес.

Қоғам дегеніміз бұл ақылдың нағыз сәулесі әрдайым жанып тұрған, адамдары бір-бірін біліскен, біріне-бірі сенген, татулық пен ынтымақтастықта тұратын адамдардың ұжымы.

Татулық пен келісімділік - бұл қоғам мен ұжымның өмірі, бұл қоғам мен ұжымның тура, нағыз мағынасы.

2. Дүниеде ұжымның үш түрі кездеседі.

Бірінші түрі - ұжым басшысы билікпен байлық иесі болғандықтан құрылған ұжым.

Будданың бақытты жерін құру

Екінші түрі - адамдардың белгілі бір есебімен жиналған ұжымы, олардың есебі өзін ақтағанша ұжым тіршілік етеді.

Үшінші түрі - қасиетті ілімнің соңынан ерген адамдардың жиналған ұжымы, онда өмірдің өзегі татулық пен келісімдікке негізделеді.

Осы үш түрдің ішінен нағыз ұжым болатын ұжым оның үшінші түрі. Бұл ұжымның жан дүниесі бір, ол әр түрлі ізгіліктерді туғызады. Сондықтан онда татулық, қуаныш, молшылық және бақыт билеген.

Мұхитқа келіп құятын суы мол өзенге қосылған тау бұлақтарында жиналған тауға жауған жаңбыр секілді, ілімнің ортақ жауынымен себеленген әр түрлі жағдайдағы, жастағы адамдар кішкене ұжымдардан қоғамды құрайды, соңында ақыры бір нұрлану мұхитына келіп құйылады.

Су мен сүттің қосылып кеткеніндей адамдардың жан дүниесі қосылса, онда шын мәнісінде ұйымдасқан, үйлескен ұжым туындайды.

Дұрыс, тура ілім - осы дүниеден нағыз үйлескен ұжымды құратын негізгі күш болып табылады. Бұл бір-бірін көруге мүмкіндік беретін жарық, жан дүниедегі бұрмалауды жоятын, татулық пен келісімдікті тудыратын күш. Бұл ақиқатты ұжымды будда қауымы деп атауға болады, себебі ол Будда ілімінің негізінде құралған.

Барлық ұжым мүшелері осы ілімге сәйкес өз жан дүниесін жетілдіруі керек болғандықтан, өз қатарына әр түрлі адамдарды енгізсе де, будда қауымы шын мәнісінде бір діндегілердің ұжымы болып табылады.

3. Шынында діндестер ұжымы екі түрлі мүшелерден тұрады. Біреулері Будда ілімін бұқаралық сенушілердің арасында таратады, ал басқалары - оларға тамақ және киім дайындап, олардың өмірін қуаттап тұрады. Алғашқылары да, басқалары да өз қауымын кеңейтуі және сүйемелдеуі, қорғауы керек, ілімнің мәңгілік уағыздалуы үшін барлық күшін салуы керек.

Қауым мүшелері үнемі татулық пен келісімдікке ұмтылуы керек, өз қауымының міндетті ісін орындау үшін бар күшін аямай салу керек. Монахтар бұқарадан шыққан ізбасарларды үйретуі керек, бұқарадан шыққан ізбасарлар олардың іліміне сенуі қажет, сондықтан монахтар мен

Будданың бақытты жерін құру

бұқаралық ізбасарлар арасында татулық пен келісімдік орнайды.

Олар ұрыс-керіссіз, тату және келісімділікте тұруға, бақытты болып, діндестермен бірге тұруға, бір-бірін жақсы көруге, жандарының қосылуына ұмтылып, барлық күш-жігерін салу керек.

4. Қауымның татулық пен келісімділігіне жетудің алты ережесі бар. Біріншіден, сөздердің адалдығы. Екіншіден, істердің адалдығы. Төртіншіден алынған заттарды өзара тең бөлісу. Бесіншіден, жалпыға сай таза өсиеттерді сақтау. Алтыншыдан, барлығында дұрыс көз қарас, таза ниет болуы керек.

Оның ішіндегі ең бастысы дұрыс, тура көзқарас, ниет туралы ереже болып табылады. Ол басқа бес ереженің өзегі болып табылады.

Сонымен қатар бүкіл қауым үшін жеті ереже бар және оның жеке мүшелері үшін жеті ереже бар. Егер осы ережелерді, сақтаса, қауым гүлдене түседі. Алдымен бүкіл қауымға арналған ережелер:

Бірінші - жиі жиналып, ілімді талқылау.

Екінші - үлкендері де, кішілері де тату тұрып, бірін-бірі сыйлауы керек.

Үшінші - ілімді сыйлау және оны өзгертпеу.

Төртінші - үлкендер мен кішілердің арасындағы қарым-қатынаста әдептілік сақтау керек.

Бесінші - мінез-құлық, тәртіп адалдыққа, терең құрметтеуге негізделуі керек.

Алтыншыдан - тыныштықта өз жан дүниесін тазарту керек. Тыныш жерлерге алдымен басқаларды жіберіп, өзің соңынан кіруің керек.

Жетіншіден - адамдарды жақсы көріп, қонақты жылы шыраймен қарсы алу керек, ауруларға ықыласпен қарау керек. Егер де осы жеті ережені орындаса, онда қауымның тарқап кетуіне қауіп болмайды.

Әрі қарай қауымның жеке мүшелеріне арналған жеті ереже. Біріншіден, жанның тазалығын сақтап, көп нәрсені тілемеу. Екіншіден, сараң болмау, осы жағдайды сақтау. Үшіншіден, шыдамды болып дауласпау. Төртіншіден, көп сөйлемеу, артық сөз айтпау керек. Бесіншіден, ілімнің соңынан еру, кішіпейіл болу керек. Алтыншыдан, бір ілімнің соңынан еріп, басқа ілімдерге жалтақтамау, мән бермеу керек. Жетіншіден, қарапайымдылықты жақсы көріп, тамақ пен киімге дәмеленбеуі керек. Егер де осы жеті ережені орындаса, қауымға ыдырап кету қаупі төнбейді.

5. Жоғарыда айтылғандай, будда қауымының өмірі ол - татулық пен келісімділік. Татулық пен келісімділігі жоқ қауымы - Будда қауымы бола алмайды, сондықтан ала ауыздықтан қашқақтау керек. Егер ала ауыздық туса, шұғыл түрде оны жоюға тырысу керек.

Қанды қанмен тазалауға болмайды, ашу-ызаны, өкпені өкпемен көндіруге болмайды. Өкпені тек оны ұмытып қана қандыруға болады.

6. Ерте заманда Брахмадатта атты жауынгер көрші, патшамен жаулап алынған мемлекеттің патшасы Каламити өмір сүрген. Бір уақытта Каламити патша әйелі және ұлымен бірге жасырынып жүрді, бірақ оларды жуық арада ұстап алады. Тек ұлы ғана қашып үлгереді.

Әкесін дарға асатын күні баласы әкесін құтқарғысы келіп, ыңғайлы жағдайды іздеді. Бірақ Ондай жағдайдың ыңғайы болмай, ханзада әкесінің дарға асылуына шарасыздықпен қарап тұруына мәжбүр болды.

Патша көпшілік ішінен көзімен баласын тауып, өзіне айтқандай былай деп күбірлейді: “Көп іздеме. Испен айналысқанда асықпа. Ашу-ыза, өкпе ұмыт болғанда қайтады.”

Ханзада әкесі үшін кек алуға серт береді. Ыңғайлы жағдайды пайдаланып, ол Брахмадатта патшасының қызметіне тұрады, көп кешікпей ол оған жақындап және оның сеніміне кірді.

Бір күні патша аңшылыққа шығады. Осы жағдайды пайдаланып ханзада одан кек алуды ойлайды. Ол патшаны әскерінен байқаусыз алып кетеді және тауларда екеуі ғана аң аулайды. Көп ұзамай патша шаршайды, адалдығына күмәні болмаған күйінде басын жас қызметшісінің тізесіне қойып, жерде жатқан күйінде ұйықтап кетеді.

“Әділ жазасын алатын уақыт келді,” - деп шешкен ханзада қынабынан семсерін шығарып патшаның тамағына тақайды. Осы мезетте өлер алдында айтқан әкесінің сөзін есіне алады. Ол бірнеше рет семсерді патша тамағына шаншуға тырысты, бірақ оны жасай алмайды. Ол күмәнданып тұрғанда патша оянып кетті. Ол қорқынышты түс көргендігін, онда Каламити патшаның ұлы оны бауыздап тастағысы келгендігін айтты.

Ханзада патшаны ұстай алып, көптен бері тілеген әкесі үшін кек алу мақсатымен семсерімен кезенеді және өзінің кім екенін айтады. Бірақ ол келесі мезетте семсерін жерге тастай салып, патша алдына тізелей құлай түседі.

Каламити патшаның өлер алдында айтқан сөздері, Брахмадатта патшаға қатты әсер етті және ол ханзаданы кешіреді. Ханзада да әкесін өлтірген патшаны кешіреді. Олар татуласып, Брахмадатта патша ханзадаға оның елін қайтарып береді. Сол кезден ұзақ уақыт олар достықта өмір сүреді.

Будданың бақытты жерін құру

Каламити патшаның өлер алдындағы айтқан сөзінен “Көп ізденбе” дегені “жүрегінде өшпенділікті ұзақ сақтама” дегені. Ал “іспен айналысқанда асықпа” дегені “достықты үзуге асықпа” дегені.

Өкпелеумен өкпелеуді жазуға болмайды. Оны ұмыт қалдырғанда ғана тарқатасың.

Татулық пен келісімділік билеген будда қауымында ешқашан бұл нақыл әңгіменің ақылын ешқашан ұмытуға болмайды.

Тек будда қауымында емес, күнделікті өмірде де ұмытуға болмайды.

2. БУДДА ӘЛЕМІ

1. Жоғарыда айтылғандай будда қауымында ең бастысы бұл татулық және келісімділік. Егер де ол негізгі міндеті Будда ілімін таратуда ұмытпаса, онда ол жайлап өседі және ілім кеңінен және тереңінен жайылады.

Ілімнің таралуы нұрлануды іздеген адамдардың көбеюін көрсетеді. Бұл дүниеде үстемдік еткен, надандық пен құмарлықтың өзәзілі басқарған көксеу, ашу және ақылсыздық әскерінің шегінгендігін білдіреді және ақыл, жарық сенім және қуаныш үстемдігі орнағандығын көрсетеді.

Өзәзіл иелігі құмарлықтарға, қараңғылыққа, ұрыс-керіске, семсерге, қантөгіс пен соғысқа толы. Олар қызғанышпен, жеккөрушілікпен, теріс түсінікпен, алдаумен, екі жүзділігімен, жағымпазда-нумен, құпиялылықпен және қорлаумен толыққан.

Енді міне оларда ақыл жарқырай түсті, мейірімділік пен аяушылықтың жауыны төгілді, сенім тамыры жайлады, қуаныш гүлдері ашылды, өзәзіл иелігі бір сәтте Будда әлеміне айналып кетті.

Көктем келгенін білдіретін жылы жел және алғашқы гүлдер сияқты, адамның нұрлануы шөп пен ағаштарды, өзен мен тауларды, басқаның бәрін де Будда әлеміне айналдырады.

Себебі егер жан таза, пәк болса, онда айнала да тазара бастайды.

2. Дұрыс, тура ілімін сыйлаған әлемде адам жаны пәк және байсалды. Себебі адамдарға деген ұлы аяушылықтан Будда оларды үнемі сәулелендіреді және қорғайды және осыдан олардың арамданған жаны тазарады.

Пәк және байсалды жан уақыт өтісімен терең жанға, тура жолмен еруге қажетті жанға, тарту ететін жанға өсиеттер сақтайтын жанға, сабырлы жанға,

Будданың бақытты жерін құру

талапты жанға, жуас жанға, ақылды жанға, мейірімділік және аяушылық жанға, барлық шараны қолдану арқылы адамдарды тура жолға насихаттайтын жанға айналады. Сондықтан Будда әлемі құрылады.

Әйелі, балалары бар отбасы - Будда қасында болатын отбасы болады. Әлеуметтік ерекшелігі болмай қалмайтын мемлекетте Будда басқарған туыс жандардың бауырластығына айналады.

Сараңдықтан соқыр болған адамдар мен салынған салтанатты сарай Буддаға тұратын мекен бола алмайды. Дегенмен шатырынан ай сәулесі түсіп тұратын қарапайым кепе егер онда таза, пәк, байсалды жаны бар адам тұратын болса, онда ол Будданың үйі бола алады.

Егер де Будда әлемі тек бір ғана адам жанын да қаланса, онда ол өзіне діндестерін тарта бастайды және бауырластықты құрады.

Буддаға сенім бір адамнан отбасына тарайды, отбасынан ауылға, поселкіге, қалаға, елдерге және ақырында бүкіл дүниеге тарайды.

Шын мәнісінде Буддаға деген сенімді тарату Будда шекараларын кеңейтуді білдіреді.

3. Бұл дүние бір жағынан өзәзіл иелігінде орын алған, бұл құмарлықтар әлемі, қантөгіс шайқастардың даласы. Нұрлануға сенген осы дүниедегі адам осы дүниені қорлаған қанды сүтке, құштарлықты - мейірімділікке айналдырады. Ол өзәзілден бұл дүниені қайтарып алу үшін және оны Будда әлеміне айналдыру үшін күреседі.

Үлкен мұхиттан бір шөмішпен барлық суды сарқып алу өте қиын. Бірақ, Буддаға сенген адам ол қаншама өзгергенімен де осы істі жүзеге асыру арманымен бөленген.

Будда басқа жағада тұрып күтеді. Ол жағасараңдық, жеккөрушілік, ақылсыздық, азап және қайғысы жоқ нұрлану әлемі. Онда тек ақыл сәулесі жарқырап және мейірімділік пен аяушылық жауыны жауып тұрады.

Бұл әлем - азаптанған, қайғыланған, қасірет шеккен, осы дүниеде Будда ілімін уағыздаудан шаршаған адамдар дем алатын әлем.

Бұл жарық мәңгі жарқырайтын, өмір мәңгілік болатын, қателіктер, адасулар қайтып оралмайтын Будда әлемі.

Шын мәнісінде Будданың бұл әлемі нұрлану қуанышына толы, гүлдерден түскен сәуле ақылды мадақтайды, құстар ілімді уағыздайды.

Будданың бақытты жерін құру

Бұл адамның өзінің ең соңғы панасын табатын жері.

4. Бұл ел демалу елі болғанымен, онда жалқаулыққа орын жоқ. Гүлдерден жасаған төсек, онда мәңгілік тыныш ұйқыда жату үшін жасалмаған. Бұл орын өзінің қасиетті міндетін орындауды жалғастыру үшін қуат алу үшін арналған.

Будда жұмысы ешқашан бітпейді. Адам тіршілік еткенше, тірі жандар тұрғанда, әлі де тірі жандардың жаны өз дүниесін құратын болса, онда оның жұмысы бітпейді.

Будда көмегімен таза дүниеге қолы жеткен басқа жағалаудағы Будда балалары өзінің бұрынғы дүниесіне қайтадан қайтып келіп, Будда қызметіне қосылуы керек.

Бір оттан үздіксіз тұтанып, жанып жатқан басқа оттар секілді, Будда жанының оты шексіз адам жандарындағы отты жағып отыр және бұл мәңгілік жалғасады.

Будда балалары, бұл жұмысты қабылдап, адам жанында оның нұрлануы үшін шексіз от жағумен айналысады және Будда әлемін әшекейлендіреді.

3. БУДДА ӘЛЕМІНІҢ ТІРЕГІ

1. Удаяна патшасының әйелі Сямавати Буддаға терең сенген болатын. Ол патша сарайының артқы бөлмелерінде тұрып, сарайдың сыртына ешқашан шыққан емес. Оның құндызы бар қызметшісінің есте сақтау қабілеті таңқаларлықтай болатын. Ол әрқашан Будда өсиеттерін тыңдап, өз ханзадасына сөзбесөз айтып беретін. Соның арқасында ханзаданың сенімі күннен күнге нығая берді.

Патшаның екінші әйелі қызғаншақ болатын. Ол бірінші әйелін кең дүниеге сыйғызбау шешімімен оны Удаяна патшасына жамандайды. Ашуланған патша Сямаватиді өлім жазасына бұйырады.

Сямавати өлімге дайындалып, патша алдында бас иеді. Бірақ мейірімділікке, аяушылыққа бөленген патша оны көргенде, садағын көтеріп атуға бара алмады. Оның ашуы тарқады және өзінің дәрекі қылығы үшін одан кешірім сұрады.

Қызғанған екінші әйелі ашуланып патша болмаған кезде, Сямавати тұратын артқы бөлмелерді өрттеуге қаскүнемді жібереді.

Будданың бақытты жерін құру

Қызметшісі асып-саса бастады, бірақ патшайым оларды сабырландырып Будда үйреткендей таң қалмай, қорқынышсыз бас иіп өлімді қарсы алды. Арқасы бүкір қызметшісі де осы отта өледі.

Будданың бұқаралық ізбасарларының әйелдерінің ішінен осы екі әйелге ғана жоғарғы қошемет көрсетілді. Сямавати патшайымға мейірімді болғанына, оның қызметшісіне берілгендігі үшін.

2. Шакья тайпасының патшасы Маханама Буддамен немере ағайынды болды, ол Оның іліміне терең сенген және Оның сенімді ізбасарларының бірі болды.

Косалының қатігез патшасы Вирудака Шакья тайпасына соғыспен барып, оны жеңеді. Маханама өз қорғанынан шығып Вирудака патшасын қорғанда тұратын оның халқын құтқаруды өтінеді. Қатігез патша өтінішін орындамай тастайды, сонда ол өзінің тоғанға түсіп, судың астында тұрғанша ең болмаса сол уақытқа қорған қақпасын ашуын сұранады.

Адам су астында ұзақ тұра алмайды деп шешкен Вирудака патша көнеді.

Маханама суға кетеді. Қорғаныс қақпасы ашылып, халық қуана-қуана сыртқа ұмтылады, онда оларды

бостандық күтіп тұрды. Бірақ Маханама су бетіне шықпады. Су астында ол өз шашын шешіп, онымен өзін талдың тамырына байлап тастайды. Өз халқын құтқару үшін, өз өмірін құрбандық етеді.

3. Монах әйелдерінің ішінде Утпалаварна парасатты ақылды болды, ол Маудгальянна ақылымен тең келе алатын еді. Ол көптеген монах әйелдері арасында, қоршауында уағыздайтын, жақсы басшылардың бірі болды.

Өте зұлым және қатігез Девадатта деген адам Аджатасатру деген патшаны Будда іліміне қарсы қояды. Бірақ патша Будда дінін қабылдап, Девадаттаны тыңдауды қояды. Бір жолы Девадатта сарайға келіп патшаға кіргісі келеді, бірақ оны қақпадан кіргізбей қояды. Ол қақпа алдында не істерін білмей тұрған кезде, қақпадан Утпалаварна шығып қалады. Оны көріп ол қатты ашуланып, барлық күшімен оның басынан жұдырықпен бір қояды.

Утпалаварна, ауырғанын жасыра монастырға келеді. Таң қалған қапаланған шәкірттерін баса отырып, оларға былай дейді: “Сінділерім! Адам өмірінде ештеңені алдын ала көріп, білуге болмайды. Бұл дүниеде барлығы өткінші және мәні жоқ. Тек нұрлану әлемі ғана тыныш және

Будданың бақытты жерін құру

байсалды. Сендер өз жан-дүниелерінді жетілдіріп нұрлануға жетулерің керек.” Осы сөздерді айтып болып, ол жәймен жанын тапсырды.

4. Өткен уақытта көп адамды өлтірген қатігез қаскүнем Ангулималья Буддамен құтқарылып, Оның шәкірті болады. Қалаға қайыршылануға барған кезінде, адамдар оны қуып, бұрынғы зұлымдықтары үшін ұрып соғады.

Бір жолы қалада, қайыр сұрап жүргенде одан зұлымдық көрген адамдар оны аямай ұрып тастайды. Қанға боялған, монастырға зорға жеткен ол Будданың аяғына жығылып, өзінің жасаған күнәлары үшін азап шегу мүмкіндігін бергені үшін алғысын айта отырып, былай дейді: “Тәңірім! Мен дүниеге келгенде маған “зиянсыз” деген ат берген болатын, бірақ өзімнің ақымақтығымнан мен көп адамды өлтірдім. Әрқайсысының қансыратып бір саусақтарын шауып алғаным үшін менің атымды саусақ жинағыш деген мағынаны білдіретін Ангулималья деп атап кетті.

Сенің аяушылығыңның арқасында мен үш қазынаға қызмет ететін болдым және нұрланудың ақылына ие болдым. Ат пен сиырды айдау үшін қамшы мен арқанды қолданады. Бірақ сен, Тәңірім, қамшы мен арқанға, қармаққа сүйенбей менің жанымды түзеттің.

Бүгін мен өз қылмысыма қарай алатынымды алдым. Өмірімді ұзартуды сұрамай және тез өлімнің келуін сұрамай, мен өз уақытым келгенінше тып-тыныш күтемін.”

5. Маудгальяяна Шарипутрамен қоса Будданың шәкірттерінің ішінде екеуі ең жақсылары болды. Будда ілімінің адам жанына судай сіңіп кеткенін көрген “пұтқа табынушылар” оны қызғанып, барынша кедергі жасай бастады.

Бірақ олар қандай кедергілер жасамасын, тура ілім қиындықсыз, кедергісіз таратылуын жалғастыра берді. Сонда “Дінсіздер” Маудгальяянаны өлтіріп және осынысымен Будданы қолынан және аяғынан айырғысы келді.

Бір рет және екінші ретте Маудгальяяна “дінсіздерден” қашып құтыла алды, бірақ үшінші рет олар оны қоршап алып қатты, аяусыз сабап тастады.

Нұрланған Маудгальяяна байсалдылықпен соққыларды қабыл алып жатты. Оның сүйегін сындырды, етін үрімдеп, жұлып тастады әртүрлі катігездіктер жыртқыштық жасады, бірақ ол тыныш, келісімді жанымен өлді.

